

№7 жалпы орта мектебінде оқитын 6-11 сынып аралығындағы қыздар кеңесінің

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

29.09.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Қыздар кеңесі төрайымын және оның көмекшілерін сайлау;
2. Қыздар ережесі, әдебімен таныстыру
3. Баяндама «Қызды қырық үйден тыю»

Тыңдалды:

Биылғы жылғы алғашқы отырысымызға мектептің тәрбие ісі жөн орынбасары –Г.Тагаева, мектеп медбикесі- А.Бегалиева, мектеп психологы- А.Шойгараева және әр сыныптың сынып жетекшілері-

6 «А» сынып жетекшісі-Медетбаев Қ.

6 «Ә» сынып жетекшісі-Оспанов М.

6 «Б» сынып жетекшісі-Жорабай Н.

7 «А» сынып жетекшісі-Ускенбаева А.

7 «Ә» сынып жетекшісі-Ешматова Л.

7 «Б» сынып жетекшісі-Алдабергенова Э.

7 «В» сынып жетекшісі-Асилбекова И.

8 «А» сынып жетекшісі- Султанбекова Н.

8 «Ә» сынып жетекшісі-Лесова А.

8 «Б» сынып жетекшісі-Алмасова Р.

- 9 «А» сынып жетекшісі –Әділова Ж.
- 9 «Ә» сынып жетекшісі- Айтқулова А.
- 9 «Б» сынып жетекшісі- Есенбекова Ұ.
- 9 «В» сынып жетекшісі- Асаналиева М.
- 10 «А» сынып жетекшісі –Дәулетқулова Б
- 10 «Ә» сынып жетекшісі –Уканова А.
- 10 «Б» сынып жетекшісі –Қуандықова Э.
- 11«А» сынып жетекшісі- Тагаева Г.
- 11«Ә» сынып жетекшісі- Қарибаева А.
- 11«Б» сынып жетекшісі- Бекбаева З.

Болып бекітілгені айтылды. Алдымен жиында қыздар кеңесінің төрайымы Э.Алдабергенова ашып күн тәртібінен және жылдық жоспармен таныстырып алып-қосарларын сұрады. Бәрі де оны қолдап жоспар өте қызықты да мәнді құрылған деп тапты.

Қыздар кеңесінің төрайымы Э.Алдабергенова болып қалуын көпшілік өтте қатты қалап отырғанын айтты.Әр сыныптан төрайымға көмекші ретінде сыныптың қыздар төрайымы сайланды.

6 «А» -

6 «Ә» -

6 «Б» -

7 «А» -

7 «Ә» -

7 «Б» -

7 «В» -

8 «А» -

8 «Ә» -

8 «Б» -

9 «А» -

9 «Ә»-

9 «Б» -

9 «В» -

10 «А»-

10 «Ә»-

10 «Б»-

11«А» -

11«Ә» -

11«Б» -

Мектепте қыздардың формасы ақ кофта, қаракөк юбка, қыста қаракөк пиджак болып белгіленген. Ал ішкі тәртіпке келсек шашын өріп, ақ бантик тағу керек, алтын, сырғалар тағу, тырнақ өсіру, бояу женси шалбар, тым тар қысқа кию, бетін бояуға болмайды. Әдепсіз сөйлеу, бақырып күлу, ер кісінің жолын кесу ежелден-ақ халқымызға жат қасиет екені белгілі. Снымен бірге қыздар кеңесінің төрайымы Э.Алдабергенова қыз баланың тәрбиесіне аса мән беру әрбір ата-ананың міндеті екенін айтып өтті. «Шешесін көріп қызын ал» деп халық мақалы бекер айтылмаған. Ежелден халқымыз қыз баланың тәрбиесіне аса назар аударып келеді себебі «Қыз қылығымен сүйкімді екенін естен шығармауымыз керек деп Э.Алдабергенова «Қызды қырық үйден тью» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамада қазіргі кезде қыз тәрбиесіне байланысты сөз болды. Келген сынып жетекшілерде өз пікірлерін айтып өтті. .

Қаулы етеді:

1. Қыздар кеңесі болып Э.Алдабергенова тағайындалсын
2. қыздар ішкі тәртіпке сай болсын.
3. Қыздар әдепті болып жүрейік.

Кеңес төрайымы:  Э.Алдабергенова

Хатшы:  Ұ.Тағабаева

№7 Жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Ерте жүктіліктің алдын алу» 1-желтоқсан «Дүние жүзілік ЖИТБ» ауруына
күресу мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Абай ауылы

29.11.2023ж

Қатысқандар: Мектеп директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Е.Абубакиров, мектеп медбикелері: А.Бегалиева, Г.Аиткулова Емхана мамандары психолог, нарколог маманы А.Кадиров, ата-аналар төрағасы Н.Момбеков, Ұ.Жұпарбекова және гинеколог маманы И.Әбілқасимова мектеп тәлімгері Ұ.Абдуллаева ұйымдастырушы Э.Арыстанова және 8-11 сынып ұл-қыздары.

Күн тәртібінде:

1. ЖИТБ-ауруының жұғу жолдарының болдырмауына, жол бермеу жөнінде тереңдете отырып түсіндіру жұмысы Емхананың нарколог маманы А.Кадиров
2. «Суициттің алдын алу» Ұ.Жұпарбекова
3. «Ерте жүктіліктің алды алу» И.Әбілқасимова
4. «Ата-аналар төрағасы» Н.Момбеков

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша: мектеп мейірбикелері А.Бегалиева, Г.Аиткулова оқушылардың жеке басының тазалығы мен жаман әдеттен аулақ болуын түіндіріп, мамандармен таныстырды. Салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды Емхананың нарколог маманы А.Кадиров зиянды әдеттерден аулақ ЖИТБ-ауруының жұғу жолдарының болдырмауына, жол бермеу жөнінде тереңдете отырып түсіндіру жұмысы жүргізілді. Өмірін қызықты етіп өткізу үшін күш-жігерін аямау қажет. Өкінішке орай «нашақорлық», «ішімдік», «темекі» торына бейкүнә жандар ілігіп дүние салып, аурулардың азабын тартып жатыр. Ал осы зияндылармен күресу оңайға түсер емес. Елбасының Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген өзекті мәселелердің бірі-салауатты өмір сүру-оны насихаттау мәселесі. Салауатты өмір салтын ынталандыру-әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткелерді, темекі, алкагольді тұтынуды қойып, тазалықпен санитария шараларын сақтауымыз керек.

Екінші мәселе бойынша: әлеуметтік тұрмысты жақсарту, күйзелісті болдырмау мақсатында психолог маманы Ұ.Жұпарбекова «Зорлық зомбылыққа жол жоқ»

тты тақырыбында кеңінен әңгіме сұхпат жүргізілді. Әңгіме барысында «Өз өзіне қол жұмсау», «Өз өміріңе балта шаппа» осы секілді бірнеше тақырыптар қозғалды.

Үшінші мәселе бойынша: «Өмір сен қымбатсың сен маған!»
И.Әбілқасимова
Акушер-гинеколог

өз сөзінде қыздарға алғашқы етеккір қанша жастан бастап келетіні және оның қанша уақытта реттелетіні туралы түсіндіріп өтті. Қыз болашақ жар, болашақ ана сондықтан қыз баласы бірінші кезекте арын сақтау керектігі және ерте жыныстық қатынас әсері жас өспірім ағзасына зияндығы жайлы мағлұмат берді.

Акушер-гинеколог қыздарға ерте жүктілік, түсік жасату әсерінен келешекте пайда болатын аурулардың негізгі себептеріне тоқтап өтті. Қыздар өздері қызықтырған сұрақтарды қойып оған толық жауап алды.

Төртінші мәселе бойынша: Мектебіміздің ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Момбеков сөз алып Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігімен, сыртқы бет пішінімен киім киісіне қарап бағалаған. Сол себепті қызды тәрбиелі елдің болашағы зор болмақ деп оқушы қыздарға орынсыз киіну, орынсыз жүріс тұрыс қыз бала затының нәзіктік сыпайылық көркіне нұқсан келтіретінін естен шығармауын айтты.

Қаулысы.

1. Тазалық, гигиена талаптары сақталсын
2. Ерте жүктіліктің алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
3. Суициттің алдын алу мақсатында мектеп психологтары оқушылармен тренинг ұйымдастырылсын.

Мектеп медбикелері:



А.Бегалиева

Г.Айткулова

«№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында 7-11 сынып қыздар жиналысының хаттамасы

Өткен мерзімі: 12.01.2024 жыл

Қатысушылар: Мектеп директорының м.у.а: Г. Тагаева
Мектеп медбикелері: Бегалиева А, Айтқұлова Г
Қыздар кеңесінің төрайымы: Э. Алдабергенова
Аудандық емхана мамандары: Жұпарбекова Ұлдар психолог
Адилова Гулайым акушерка
Кали Камшат психолог
Ешмурзасва Замира СОСК дәрігері
Қасымбекова Айғаным ВОП дәрігері

Оқушы қыздар - 165

Сынып жетекшілер-14

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктіліктің алдын алу
2. Суицидтің алдын алу
3. Гигиеналық тазалық
4. Басқада мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп медбикесі А. Бегалиева күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып сөз кезегін берді.

Бірінші мәселе бойынша аудандық емхана маманы акушерка Адилова Гулайым сөзге шығып, қыздарға алғашқы етеккір қанша жастан бастап келетіні және оның қанша уақытта реттелетіні туралы түсіндіріп өтті. Қыз болашақ жар болашақ ана сондықтан қыз баласы бірінші кезекте арын сақтау керектігі және ерте жыныстық қатнас әсері жас өспірім ағзасына зияндығы жайлы мағлұмат берді. Қыздарға ерте жүктілік, түсік жасату әсерінен келешекте пайда болатын аурулардың негізгі себептеріне тоқтап өтті. Қыздар өздері қызықтырған сұрақтарды қойып оған толық жауап алды, қыздар тәрбиесіне арналған кеңестер берілді. Ерте жүктілік немен қауіпті – деген сауал төңірегінде ой қозғап 7-11 сынып қыздарымен пікір алмасты.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік тұрмысы жақсарту, күйзелісті болдырмау мақсатында психолог маманы: Ұ Жұпарбекова «Зорлық –зомбылыққа жол жоқ» атты тақырыбында кеңінен әңгіме сұхбат жүргізді. Әңгіме барысында «Өз өзіне қол жұмсау», «Өз өміріне балта шаппа» Жас қыздар арасында ненің қалай ненің қарама екенің, оның зардап зиянын түсінбей жақсы көрген жігітпен жыныстық қатнасқа түсің, кәмелеттік жасқа толмай екікабат болып қалатындар да көп осы секілді бірнеше тақырыптар қозғалды қыздар тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша Қасымбекова Айгерім ВОП дәрігері сөз алды ол өз сөзінде әр бір қыз баласы жеке бас тазалығын мен жаман әдеттерден аулақ болу керек екенін шаш күтімі, дене тазалығы мен күтімі тік тазалығы, күнделікті киімдерін және іш киімдерін тазалау, ұқыпты киініп жүру керек екенін айтып өтті.

Басқа мәселелер бойынша қыздар кеңесінің төрайымы: Э. Алдабергенова сөз сөйледі ол өз сөзінде қыздардың жаман әдеттерден аулақ болу керек екенін,

салауатты өмір салтын дарыта отырып, және ынталандыра отырып әрқайсымыздың спортпен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға жаман әдетке бой алдырмай тазалық пен санитария шараларын сақтауымыз керек деп сөзін аяқтады.

Қаулысы

1. Тазалық, гигиенасы талаптары сақталсын .
2. Ерте жүктіліктің алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді, осындай жағдай болдырмау үшін қыздар арасында алдын алу жұмыстары жүргізілсін .
3. Суициттің алдын алу мақсатында мектеп психологтары оқушылармен тренинг ұйымдастырылсын.

Мектеп директорының м.у.а:

Мектеп медбикелері:

Тәлімгер:

Хатшы:



Г.Тагаева

Айткулова Г
Бегалиева А

Ұ.Абдуллаева

А.Лесова

№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қыздар
кеңесінің жиналысы
Хаттамасы № 58

29.02.2024ж

Абай ауылы

Қатысқандар:

ДТІЖО: Г.Тағаева

Қыздар кеңесінің төрайымы: Э.Алдабергенова

Мектеп медбикесі: Г.Айткулова

Тәлімгер :У.Абдуллаева

Хатшы: У.Тағабаева

Сынып жетекшілер

7 «В», 8-11 сынып қыздары

Сағат 13-30

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Баяндама таныстырылым «Қызға 40 үйден тыйым» ДТІЖО Г.Тағаева
2. «Жеке бастың тазалығы» тақырыбында қыздарға арналған кеңес мектеп мейірбикесі Гаухар Айткулова айтты.
3. Қыздар кеңесінің төрайымы Алдабергенова Эльмира апай амандасу әдебі, оқушылардың мектепке сай формалары, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарау туралы таным-тәрбие туралы баяндамалар жасады.
4. Мектеп психологы Шолпан Қалтаева бұрымды қыздарға қашанда көмек қолын созуға дайын екенін хабарлады.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасар баяндама таныстырылым «Қызға 40 үйден тыйым» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. ДТІЖО: Г.Тағаева тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни қоғамға, өзі—өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады.

Оқушы қыздардың тәртібі, кәмелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқыбұзушылықтар туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті. Баяндамаға қосымша тәлімгер У.Абдуллаева қыз болашақта ана болатыны және осы жас кезден бастап әр бір қыз бала өз абыройын ойлау керектігі туралы мысалдар келтіріп айтып түсіндіріп өтті.

2-мәселе бойынша отбасылық құндылықтар – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі туралы психолог Ш.Қалтаева баяндады. Ал психологиялық—педагогикалық тұрғыдан алғанда құндылықтар адамның

жеке тұлға ретінде өз өміріне деген жауапкершілігін қалыптастыру, рухани әлемін байыту, әрбір адамның ерекшелігін түсіндіру, адамдар арасындағы жағымды қарым—қатынастардың маңыздылығын көрсету үшін қолданылады. Сондықтан әр ата—ана баланың отбасылық құндылықтарды толық меңгеруіне мүмкіндік жасағаны абзал. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді.


3-мәселе бойынша қыздар комитетінің төрайымы Э.Алдабергенова «Қазақстан бірлікпен татулықтың мекені» тақырыбында баяндама оқып бұл баяндаманың мақсаты мен таныстырып өтті. Қазақстанда 130 дан аса ұлт өкілдері тұратыны және ұлттар арасында достық қарыма қатынаста болу керектігі қатаң түрде ескертіліп айтылды. Біз Қазақстан елінің азаматары, өз Отанымызды, жерімізді сүйетінімізді өз әрекеттеріміз арқылы көрсете білу керекпіз. Әр бір Қазақстан азаматы қандай ұлт өкілі болсын Қазақстан рәміздерін құрметтеуге, жерін сүйуге, әр бір адамды қадірлеуге міндетті екендігі туралы түсінік беріп өтті.

Ағымдағы жұмыстар бойынша ДТІЖО Г.Тағаева еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс—тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс—тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Шешім:

ДТІЖО Г. Тағаеваның «Қызға 40 үйден тыйым » тақырыбындағы баяндамасы, психолог Ш.Қалтаеваға қыздарға арналған ерте жүктіліктің салдары туралы кеңестері негізге алынсын.

ДТІЖО
Қыздар кеңесінің
Хатшы

төрайымы:




Г.Тағаева
Э.Алдабергенова
У.Тағабаева